

"Мемэнергиясараптама" республикалық мемлекеттік кәсіпорны туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 26 шілде N 1065

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау республикалық басқармасы мекемесі қайта құру жолымен шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемэнергиясараптама" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі- Кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті мемлекеттік басқарудың органы, сондай-ақ кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы мыналар болып белгіленсін:

электр энергетикасы және энергия үнемдеу мәселелері бойынша, оның ішінде қайта жаңартылатын, жаңғыртылатын және жаңадан салынатын объектілердің жобалары бойынша белгіленген тәртіппен энергетикалық сараптама жүргізу және қорытындылар беру ; < * >

энергетикалық жабдықтар мен электр және жылу тораптарындағы технологиялық бұзылулар мен аварияларды, сондай-ақ оларда өндірістік жарақат алу жағдайларын тексеру кезінде оған белгіленген тәртіппен қатысу.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.04. N 167 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитет кәсіпорынның жарғысын заңдарда белгіленген тәртіппен әзірлеп, бекітсін және оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

6. "Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік энергетикалық қадағалау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 8 қарашадағы N 1489 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 35, 443-құжат) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК